

## 8-апта

### № 15-16 Дәріс тақырыбы Етістіктің грамматикалық категориялары

1. Салт-сабақтылық категориясы және оның грамматикалық мағыналары
2. Етіс категориясы және оның грамматикалық мағыналары
3. Рай категориясы және оның грамматикалық мағыналары

1. Салт-сабақтылық категориясы етіс категориясымен тығыз байланысты. Етіс жұрнақтары салт етістікті сабақты етістікке немесе сабақты етістікті салт етістікке айналдыра алады. Мысалы, *күл* (салт етістік) – *күлдір* (сабақты етістік), *жаз* (сабақты етістік) – *жазыл* (салт етістік) т.б. Аффикстер салт немесе сабақты етістіктердің формасы ретінде емес, етіс формаларын тудыратын аффикстер ретінде танылады. Демек, етіс аффикстерінің негізгі қызметі – іс-әрекеттің субъектіге немесе объектіге қатысын білдіретін етіс формаларын тудыру. Етістіктің салт және сабақты болуы оның мағынасымен байланысты. Бұлардың ешқайсысының да өзіне тән және бірін екіншісінен ажырататындай формалары жоқ, мағыналары мен синтаксистік қасиеті жағынан (тура толықтауышты керек ету не керек етпеу қасиеті жағынан) ажыратылады. Етістің белгілі бір түрі бүтіндей сөзге емес, сөздің формасына тән, ал салттылық пен сабақтылық сөздің белгілі бір формасына емес, бүтіндей сөзге тән қасиет ретінде танылады. (Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 240 бет. (154-155 бб.).

Етістіктердің қай-қайсысы болсын, мейлі ол іс-әрекетті атасын, мейлі қимыл я қозғалысты атасын – бәрібір, субъекті жасайтын амал-әрекетті немесе процесті білдіреді. Сондай-ақ іс я процесс сөйлеу тілінде, әдетте, объектіге не тікелей тіреліп, сабақталып, не тірелмей, жанай жүзеге асырылып жатады. Кейбір етістіктер табыс септіктегі сөзді – тура толықтауышты керек етіп, сабақталуды тілеп тұрса, кейбір етістіктер табыс септіктегі сөзді қажет етпей-ақ, оған сабақталмай-ақ, салт күйінде жұмсалып тұрады. Етістіктердің бәрі бірдей я салт, я сабақты бола бермейді. Олардың ішінде әрі салт, әрі сабақты болатындары да бар. Әдетте, мұндай қасиеттер не омоним етістіктерде, не полисемиялы етістіктерде болады. Мысалы, сен жетілік қарғаны *жүр*, үйге *жүр* және шаштарыңды *тараңдар*, үйді-үйлеріңе *тараңдар*. (Контексте айқындалады). Қазақ етістіктері тек табыс септіктегі объектіні меңгеру я меңгермеу аясында ғана қалып қоймайды, онан басқа да септіктерді меңгере алады. Мысалы: жау, там, шық тәрізді салт етістіктер амалдың бағытын да, шыққан орнын да білдіреді (*мен үйден көшеге шықтым, ол төбеден жерге түсті* т.б.), айда, жібер, түсір т.б. сабақты етістіктер екі-үш септікті бірден меңгере береді (*малды өріске атпен айда, баланы үйге тамаққа жібер* т.б.). (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет. (279-281 бб.).

Қазақ тілінде етістік атаулының бәрінде салт, сабақтылық мән бар. Субъектілердің қимыл-әрекетін ғана білдіретін, қимылдың нысанын, яғни қимыл жасайтын затты атауды қажет етпейді, ондай етістіктер салт етістік деп аталады, ал қимылдың нысанын, яғни табыс септік жалғаулы сөздің айтылуын қажет ететін етістіктер сабақты етістіктер деп аталады. *Етістіктің салт, сабақтылық қасиеті – лексикалық құбылыс, яғни грамматикалық құбылысқа жатпайды*. Сондықтан кейбір еңбектерде кездесетіндей оларды, салт, сабақтылық категория деп оқыту дұрыс емес. (Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2007. – 390 бет. (204-206 бб.).

Салт және сабақты етістіктің семантикалық түрге бөліну ерекшеліктеріне сай грамматикалық сипаты да бар: ол – сабақты етістіктің әр уақытта тура объектіні талап етіп тұруы да, ол қасиет табыс септікті сөзбен тікелей байланыс жасап, соны меңгеріп тұруы, ал салт етістікте тура объектіні қажет етпей, табыс септікті сөзбен байланыспай қолданылуы, сөйтіп, семантикалық ерекшелік грамматикалық тұлға арқылы жүйелі түрде іске асып, грамматикалық сипатының көрсеткіші бола алуында. Етістіктің салт және сабақты болып бөлінуі олардың қалайда болмасын тұлғалық ерекшеліктеріне емес, ЖГМ-на байланысты болып келеді. *Сондықтан да салт-сабақтылық категориясын етістіктің лексика-грамматикалық (таза ГК-на қарама-қайшы) категория деп танимыз*.

Етіс тұлғалары белгілі бір дәрежеде салт я сабақты етістік тудыру қызметін атқарса да, олардың грамматикалық тұлғалар жүйесі, категориялық көрсеткіші бола алмайды. (Қазақ грамматикасы: финетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет. (505-507 бб.))

Салттық-сабақтылық категориясын етістіктің лексика-грамматикалық категориясы деп танымыз. Бұны дәлелдеу пікірі жоғарыда айтылған «Қазақ грамматикасындағы» пікірмен сәйкес. И.Мамановтың мына пікірін айта келе: «*Етістіктер өзара арнайы грамматикалық көрсеткіш арқылы салт және сабақты болып бөлінеді*. Арнайы морфема арқылы салт етістік сабақтыға, сабақты етістік салтқа айналып отырады. Салт және сабақты етістіктердің бір-біріне ауысуы етіс формаларымен ұштасып жатады...», етіс тұлғасы белгілі бір дәрежеде салт я сабақты етістік тудыру қызметін атқарса да, олардың грамматикалық тұлғалар жүйесі, категориялық көрсеткіші бола алмайтынын көрсетеді. (Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 бет. (265-270 бб.))

2. Етіс категориясы қимыл, іс-әрекеттің объектіге немесе субъектіге бағытталғандығын білдіреді де, субъектінің объектімен өзара қарым-қатынасын айқындайды. Мысалы, оқушы киінді (өздік етіс) дегенде етіс формасы *іс-әрекеттің өз субъектісіне бағытталғандығын* білдірсе, жер жыртылды (ырықсыз етіс) дегенде етіс формасы іс-әрекеттің объектіге бағытталғандығын білдіреді. Ырықсыз етісте *іс иесі көрсетілмей, яғни ненің немесе кімнің істелгендігі аталмай, ненің істелгені (немесе істелетіні)* көрсетіледі. Ортақ етіс формасы *іс-әрекеттің субъектісінің кемінде екеу екендігін немесе іс-әрекеттің субъекті мен объектіге бірдей ортақ, бірдей қатысты екендігін* білдіреді. Өзгелік етіс формасы *қимыл, іс-әрекеттің өз субъектісіне басқа бір субъектісінің қатысы бар екендігін* білдіреді. (Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 240 бет. (бб.))

Етіс категориясы – амалдың субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше, субъекті мен объектіге амалға қатысын білдіретін формалардың жүйесі. Негізгі етіс – өзге етіс формаларына таяныш-негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форма. Ортақ етіс формасы амалды кемі 2 я онан да аса субъекті қатысып жүзеге асыратындықты білдіретін мән үстейді, демек бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Өзгелік етіс формасы амалды (істі) басқа бір бөгде адам (субъекті) арқылы істелуін білдіреді. Ырықсыз етіс формасы негізгі етістікке амал ырықсыз (өздігінен) істелетіндей мән үстейді, амалды кім істегені, яғни субъектісі көрінбейді де, көбінесе логикалық объекті есебінде қызмет етеді. Өздік етіс формасы етістік негізіне амалдың шарпуы я нәтижесі оны жасаушы субъектінің өзіне тиетінін білдіретіндей мән жамайды. (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет. (281-286 бб.))

Етіс – қимыл-әрекеттің субъектіге, қимылдың нысанына қатысын білдіріп, салт, сабақты етістік жасайтын етістіктің түрі. Ғылымда негізгі етіс түрі А.Қалыбаева еңбектерінен басталып, А.Ысқақов оқулығына да енген болатын. Бірақ негізгі етістің көрсеткіші жоқ, өзіндік мағынасы да жоқ, ол түбір етістік қана, сондықтан негізгі етісті етістің бір түрі деп санау дұрыс емес. Өйткені етістің әр түрінің өз мағынасы, өз көрсеткіші бар, негізгі етісте бұл негізгі белгі жоқ. Өздік етіс қимылды жасайтын, қимылға түсетін бір зат яғни субъекті екенін білдіреді, қимылдың субъектісі белгісіз қалып, қимыл өздігінен жасалғандай әсер қалады. Ырықсыз етіс қимыл-әрекеттің субъектісі аталмай, қимыл өздігінен жасалғандай мәнді білдіреді. Өзгелік етіс қимыл-әрекетті сөйлеуші, бөгде біреуге жасату арқылы басқа біреудің қимыл-әрекетін білдіреді. Ортақ етіс қимыл-әрекеттің бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіреді. (Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2007. – 390 бет. (206-214 бб.))

Етіс – қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы. Өздік етіс формасы қимыл, іс-әрекеттің орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағытталып, субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ырықсыз етіс қимыл, іс-әрекеттің

өздігінен орындалатын мән үстейді. Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъекті арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіреді. Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіреді. (Қазақ грамматикасы: финетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет. (507-511 бб.)

«Қазақ грамматикасында» айтылған пікірмен бірдей, себебі аталған еңбектің «Етістік» бөлімін С.Исаев жазған. Негізгі етіс мәселесіне қатысты пікірі Н.Оралбайдың пікірімен сәйкеседі. (Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 бет. (270-281 бб.)

3. Рай категориясы қимыл, іс-әрекеттің шындыққа қатынасын, іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігіне сөйлеушінің қалай қарайтындығын білдіреді. Етістіктің рай формалары екі топқа бөлінеді: 1) ашық рай (*ақиқат іс-әрекетті, қимылды білдіретін етістік формалары*) 2) бұйрық рай, шартты рай, қалау рай (*ақиқат түріндегі іс-әрекетті емес, болуы мүмкін іс-әрекетті немесе болжал, қалау, тілек түріндегі іс-әрекетті білдіретін етістік формалары*). Бұйрық рай сөйлеушінің іс-әрекетті тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы басқа біреуге бағыттауын, бұйыра айтуын білдіреді. Шартты рай іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігі басқа бір іс-әрекеттің орындалуына байланысты екендігін, шартын білдіреді. Қалау рай сөйлеушінің іс-әрекетке ынтасын, тілегін, ниетін білдіреді. Ашық рай осы шақ, өткен шақ, келер шақ формаларында айтылатын іс-әрекеттің қатынасын білдіреді. Осы шақтың формасы сөйлеу кезімен сәйкес келетін қимыл, іс-әрекетті білдірсе, өткен шақтың формасы сөйлеу кезіне дейін болған қимыл, іс-әрекетті, келер шақтың формасы сөйлеу кезінен соң, яғни келешекте болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді. (Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 240 бет. (150-152 бб.)

Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу жүйесі модальдік (арай) категория деп аталады. Модальдік категорияның етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады. Ашық рай (индикатив) – амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін негативті грамматикалық категория. Неғайбыл райлар амалды жүзеге асыру сипаты реальді емес екенін білдіреді. Олар мағыналарына қарай *бұйрық рай, шартты рай, қалау рай* деп үш түрге бөлінеді. Бұйрық рай іске қосу, амалды істеуге қозғау салу, түрткі болу, ұсыныс жасау, кенес беру, тілек айту, өтініш ету, жалыну, бұйыру, әмір ету т.б. тәрізді қыруар көп модальдік мағыналарды білдіреді. Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір амалды я әрекетті жүзеге асыруға бағытталатын ниетін, ынта-тілегін, үміт-арманын білдіреді. Шартты рай басқа бір амалдың я істің жүзеге асу-аспау шартын білдіреді. (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет. (310-322 бб.)

Етістіктің рай категориясы – қимылдың шындыққа қатысын білдіретін категория. Етістік білдіретін қимыл *шындық өмірге қатысты болса*, онда ол реалді қимыл болады, ол объективті модальдықты, ал етістік білдіретін қимыл *шындық өмірге қатысты болмаса*, онда ол неғайбыл қимыл болады да, субъективті модальдық мағынаны білдіреді. Ашық рай (индикатив) – қимылдың шындық өмірде белгілі бір мезгілде болатынын, болып өткенін, я болып жатқанын, я болмайтынын нақтылы білдіретін етістіктің категориясы. Ашық райдың мағынасы шақ көрсеткіштері арқылы беріледі. 1.1. *Жедел өткен шақ* қимылдың тез арада жасалып өткенін сенімді түрде білдіреді. 1.2. *Бұрынғы өткен шақ* өте ертеде, сөйлеуші хабарлағаннан бірсыпыра бұрын болып өткен қимылды білдіреді. 1.3. *Ауыспалы өткен шақ* сөйлеуші хабарлағанға дейін болған, болып тұрған қимылды білдіреді. 1.4. Қатыстық өткен шақ (-ушы еді, -атын еді, -п жүр еді) қимылды кейін еске түсіру мәнін білдіреді. 2.1. *Нақ осы шақ* қимылдың сөйлеуші хабарлап жатқанда болып, жасалып жатқанын білдіреді. 2.2. *Ауыспалы осы шақ* сөйлеуші хабарлаған кездегі қимылды да (ағаштар жақсы өсіп келеді), үнемі істелетін қимылды да (ауылда тұрады), адамзатқа, ғаламзатқа тән қимылды да білдіреді (гүл өседі). 3.1. *Ауыспалы келер шақ* 3.2. *Болжалды келер шақ* қимыл-әрекеттің

келешекте болу-болмауына күмәндануды, болжал-жорамал жасауды білдіреді.

3.3. *Мақсатты келер шақ* қимылдың жасалу мақсатын білдіреді.

Бұйрық рай (императив) – қимылды жасау я жасамауды басқадан талап ететін, қимылға қозғау салатын рай. Бұйрықтық мағына, талап ету, қорқыту, өтіну, тілек, жалбарыну, кеңес беру, қарғыс секілді мәндерді үстейді.

Қалау рай – сөйлеушінің қимылды жүзеге асырғысы келетін ниетін, ықыласын, ойын білдіретін етістік түрі.

Шартты рай – екінші қимылдың жасалу-жасалмауына шарт болатын қимылды білдіретін етістік. (Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2007. – 390 бет. (277-304 бб.)

Рай категориясы – сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіретін етістік категориясы. Ашық рай – қимыл, іс-әрекет үш шақтың бірінде болу-болмауын білдіретін рай түрі. Шақ түрлері Н.Оралбай еңбегіндегі түрлермен ұқсас, тек өткен шақтың қатыстық өткен шақ деген түрі кездеспейді. Бұйрық райдың басты мәні – бұйрықтық. Сонымен қатар айтушының тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы бөгде біреуге қаратылып, бұйыра, сұрай айтылатын, өзіне байланысты қимылды, іс-әрекетке қозғау салу, ниет мәнін білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы берілетін рай түрі. Шартты рай қимыл, іс-әрекеттің болу-болмау, орындалу мүмкіндігін, шартын білдіреді. Қалау рай сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетті орындауға я орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіреді. (Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 бет. (294-305 бб.)